

**«Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды
реттеу агенттігінің 2013 жылғы қызметінің қорытындылары
және 2014 жылға арналған міндеттері» тақырыбында
2014 жылғы 17 наурызда өткен Үкімет
сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы М.М. Оспановтың баяндамасын тыңдай келе, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

-Қазақстан Республикасының заңнамасына табиғи монополиялар субъектілерінің халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінде өндірістерді кеңейтуге және жаңғыртуға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды орындауы бойынша олардың қызметін бақылау тетіктерін күшейту жөнінде нормалар енгізсін;

-электр энергетикасы саласындағы бәсекелестікті дамыту және халыққа көрсетілетін қызметтерге тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында 2016 жылы инвестициялық тарифтен («тарифті – инвестицияларға айырбастау») электр қуатының нарығына көшу үшін электр энергетикасы объектілері әзірлігіне аудит іс-шараларын өткізсін;

-электр энергиясына тариф құрылымын қайта қарасын және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды тарату және өңірлік энергетикалық компанияларды ірілендіру арқылы делдалдық үстемені құрамынан алып тастасын;

-мемлекеттік органдардың қоғамдық ұйымдарды және Ұлттық кәсіпкерлер палатасын электрмен, жылумен, газбен және сумен жабдықтау, жолаушыларды тасымалдау және байланыс қызметтері бойынша тарифтердің алдағы өзгерістерін оларды бекіту туралы шешім қабылданғанға дейін талқылау мен келісуге тарту жөніндегі жұмысын күшейтсін;

-бизнесті ашу және жүргізу кезінде электрмен, жылумен және сумен жабдықтау қызметтеріне шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қосу рәсімдерін (қосымша қуаттарды кеңейту, технологиялық қосылу мерзімдерін қысқарту және басқалары) оңайлату жөнінде нақты шаралар қабылдасын;

-өндіріс пен тұрмыстағы жаңа технологиялар негізінде электр, жылу және су шаруашылығы желілеріндегі нормативтік-техникалық шығасыларды азайту және ресурстарды жаппай үнемдеу жөніндегі жұмысты күшейтсін;

-халыққа коммуналдық қызметтер көрсетуге арналған шарттарды жасасу және орындау кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылғаны үшін табиғи монополиялар және реттелетін нарық субъектілерінің жауаптылығын арттырсын;

-инвестициялық бағдарламалардың орындалу барысы туралы ақпаратты интернет-ресурстарда тоқсан сайын орналастыруды қамтамасыз етсін және аталған бағдарламалар шеңберінде негізгі қорларды жаңғыртуға пайдаланылмаған қаражатты тұтынушыларға қайтарудың пәрменді тетіктерін жақсартсын;

-«ЭКСПО-2017» Дүниежүзілік көрмесіне дайындық шеңберінде энергияның балама көздеріне және «жасыл экономикаға» біртіндеп көшу мақсатында отынның экологиялық таза түрлерін жасауға бағытталған озық инновациялық технологияларды қолдау мен енгізу жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлесін;

-әкімшілік кедергілер мен сыбайлас жемқорлық факторларын азайту мақсатында «е-үкімет» веб-порталы арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар саласындағы қызметтерге тарифтер мен инвестициялық бағдарламаларды қарауға және бекітуге өтінімдерді электрондық режимде ұсыну мүмкіндігін көздесін;

-халық пен кәсіпкерлік субъектілері үшін тарифтердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында елдің өңірлері бөлігінде табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар субъектілерінің қызметтеріне бекітілген тарифтер (оның ішінде тариф құрауыштарының детальді құрылымы) туралы мәліметтерді қамтитын бағалардың бірыңғай

электрондық дерекқорын құру бойынша жұмысты жалғастырсын;

-тұтынушылардың жылу энергиясына шығындарын азайту үшін жалпы үйдегі жылуды есепке алу аспаптарын 100 пайыз орнату мүмкіндігін қарастырсын және табиғи монополиялар субъектілерін өтеусіз негізде оларға тегін қызмет көрсетуді жүргізуге міндеттесін;

-энергиямен жабдықтаушы ұйымдар есептеп шығаратын жалпы үй қажеттіліктеріне шығыстарды тұрғындардың төлеу тарифін есептеу әдістемесін әзірлесін және оған енгізілетін қызметтердің тізбесін бекітсін;

-тарифтік саясат бойынша қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін реттелетін қызметтерге (электрмен, жылумен, газбен және сумен жабдықтау және көлік саласында) тарифтердің өзгерістері туралы тұтынушылар арасында жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

-тариф белгілеу процесінің ашықтығын арттыруды көздейтін заң жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізсін.